



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

міндеттерді бөлу, іс-шараларға аккредитациялар мен фрилансерлерді іздеу үдерістерін автоматтандыра алады. «Пиаршылар» барлық республика бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының белсенді мәліметтер базасын пайдалана алады: олардың қызметіне құлақтандырмаларды, пресс-релиздер мен өтініштерді қажетті мекен-жайларға автоматты түрде тарату, тілшілер және редакторлармен интерактивті байланыс орнату ұсынылады.

«Дүниенің көрінген, һәм көрінбеген сырын түгендеп білмесе, адамдықтың белгісі емес», - деп қазақтың ұлы ақыны Абай атамыз айтқандай, қас қағым сәтте заманның әуелете жылжып, жаңа дүниелерге толы жаңалықтарымен тамсандырып жатқаны мәлім. Ағылған ақпарат тасқыны, әлемде болып жатқан жаңалықтардың бірін естіп жатсақ, бірінен құр қалып жатамыз. Қазіргі заман- ақпарат заманы. Осыған байланысты өзге де елдермен жақсы ақпарат алмасу, экономикалық байланыс орнатуда сондай-ақ бір арнаға тоғысқан ортақ мүдделерін жүргізуге бағытталған экономикалық және әлеуметтік маңызы зор жобаларды жүзеге асыруда еліміз қысқа ғана уақыттың ішінде әлемдік деңгейдегі іс-шаралардың өтуіне ұйытқы болды. Атап өтсем, ЕҚЫҰ-ның саммиті, Астана экономикалық форумы, Дүниежүзілік Ислам экономикалық форумы, Еуразиялық Медиа форумына төрағалық етіп, керегесі кең еліміз өзге мемлекеттермен терезесі тең түсетіндей даму бағыттарын айқындап көрсетті. Елміз өзгерістер қарсаңында тұр, әлемнің дамыған елдерімен иық тіресіп, даму жолында. Еліміздің ақпараттық қауіпсіздігін сақтау мен дамытуды, отанымыздың мәртебесін сақтап қалуды талап ететін ауқымды жобалардың тізгінін ұстап, дарқан даламыздың дала еліне тән қайсарлығын танытуда. Қазақ даналығында, «жұмылы көтерген жүк жеңіл», - деген сөз бар. Олай болса, еліміздің өркениет көшінен көрінуіне сіз бен біз атсалыссақ, қазақ еліміз үшін одан асқан мәртебе болмас еді.

Дерек көздері:

1. XX ғасырдағы әлем журналистикасы. Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы
2. <http://www.minber.kz/>
3. Astana Innovations ақпараттық-сараптамалық журнал №3 (08)2013
4. Astana Innovations ақпараттық-сараптамалық журнал №3 (12)2014
5. <http://qamshy.kz/?p=3910&ln=kk>
6. <http://akjunis.kz/4376>

АЙМАҚТЫҚ ШИЕЛІНІСТЕРДІҢ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА КӨРІНІС ТАБУЫ

Жусупова Айшолпан Қазықанқызы

aisholpan_03_93@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Журналистика және саясаттану» факультетінің,

«Журналистика» мамандығының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – О. Тұржан

Ақпараттық үрдістердің жаһандануы мен ақпараттық ағындардың ауқымдылығы, телекоммуникациялық желілердің қарқынды дамуы мен оның әсер ету аудиторияларының көлемінің өсуі XX ғасырдың аяқталуына әкелді. Бұл факторлар, ғалымдарға (футурологтар, әлеуметтанушылар, философтар) өндіріс басты рөлді ойнаған индустриалды қоғамның және өндіріс пен қатар қызмет көрсету сферасы маңызды болған аралық постиндустриалды кезеңнің орнына, жаңа, бұқаралық коммуникация аясы басым болып келетін – ақпараттық қоғам келетінін нақты бекітіп айтуға негіз болды.

Қазіргі уақытта ақпараттық құралдар қуатты өндіріс күші болды: мысалы, бүгінгі таңда капиталдың 90%-ы бір меншік иесінен екінші меншік иесіне электрондық коммуникациялар көмегімен көшеді, ал кейбір ақпараттық корпорациялардың әлуеті жеке мемлекеттердікіне

қарағанда жоғары болып келеді. Көрнекі мысал ретінде «Microsoft» компаниясын алуға болады. Аталмыш корпорацияның \$500 млрд көлеміндегі капиталы, Испания секілді мемлекеттің экономикалық көрсеткіштерінен жоғары.

Шпенглер есімді неміс философы XX ғасырдың басында қоғам өмірінде ақпарат рөлінің бұрын-сонды болмаған маңызды деңгейде болатынын болжамдаған. «Сумерки Европы» атты еңбегінде ол келесі пікірін жазған: «Болашақта үш немесе төрт әлемдік газеттер аймақтық газеттердің ойларын бағыттап отырады және осы газеттер арқылы «халық еркін» қадағалайтын болады. Барлық мәселелер осы әлемдік газеттерді бақылайтын, есімдерін ешкім білмейтін аз ғана адамдар қалауымен шешіліп отырады, бірақ екінші рангті саясаткерлер, депутаттар және тілшілер қоғамның төменгі жағында «халықтың таңдауы» деген елесін қолдап жүреді». Шпенглердің ол кезде әлі электрондық БАҚ дамуын қарастырмағанын айта кеткен жөн. Себебі телекоммуникацияның дамуы ақпараттық қоғамның анықтаушы факторы болып табылады. Орта статистикалы адам телебағдарлама қарау маңыздылығын ескере отырса, теледидар қазіргі уақыттың басты нышаны болып табылады.

БАҚ, көп жағдайда, аймақтық шиеліністердің белсенді қатысушысы болып табылады. Осыдан 75 жыл бұрын, екінші дүниежүзілік соғысқа себепші болған – Глейвицтегі радиостанциясына жасалған шабуылға тоқталайық. Тарихшылардың мәлімдеуі бойынша, Б. Муссолини өзінің әскери операцияларын жоспарлағанда, әскери әрекеттердің мақсатқа сәйкестігіне қарағанда газеттерде басылатын мақалалардың бас тақырыптарына көбірек көңіл аударған. Дегенмен екінші дүниежүзілік соғыста ақпараттық-насихаттаушылық аясында жетістіктері жоғары болған мемлекеттер жеңіліс тапты. Ол кезде БАҚ қолдану әскери жетістікке жету үшін аса маңызды болмады.

Қазірі таңда «ақпараттық соғыс», «медиа-агрессия», «ақпараттық қорғаныс» секілді түсініктердің пайда болуы масс-медианың шиеліністермен тығыз байланысын ғана растамайды, сонымен қатар әскери шиеліністердегі ақпараттық майдандағы күрес әскери әрекеттер секілді маңызды болып табылатынын көрсетеді. Қазіргі кезге дейін соғыс тек көп жағдайда ақпараттық сфераға, әсіресе журналистикаға әсерін тигізсе (мысалы, бірінші дүниежүзілік соғыс АҚШ-да аналитикалық журналистиканың пайда болуы мен дамуына себепші болды, себебі американдықтар эргерцог Фердинандтың өлтіруі осындай шиелініске қалай әкеліп соққанын түсінбеді), ал қазір макро- және микродеңгейдегі кері байланыс туындап отыр.

Ақпараттық-әскери сферадағы өзгеріс болып вьетнам соғысын айтуға болады. Американдық әскерлер өздерінің жеңілісіне себепші болды деп тек КСРО көмегі мен вьетнамдықтар ерлігін ғана санаған жоқ, сонымен қатар жеңіліске негіз болған деп американдық баспасөздің «жағымсыз ұстанымын» есептеді. Сол уақыттан бастап «әскери әрекеттерді ақпараттық-психологиялық қамтамасыз ету» қажеттілігі туындады: БАҚ көмегімен қоғамдық ой-пікірді өзгерту, яғни кез келген әскери әрекет халықтың қолдауын тауып отыру керек болды. Бұл БАҚ-та өзіндік көзқарастың сандық және сапалық артықшылығын қалыптастыру, ақпараттық кампанияның ұйымдастырушыларын қанағаттандыратын тұрақты бірлестіктер, сұлбалар, аңыздар ендіру болып табылады.

АҚШ-тың Югославия мен Иракта жүргізген әскери кампаниялары туралы мәліметке зер салайық. Әскери әрекеттерден бұрын, мақсаты жауды қатыгез қылып көрсететін немесе қарсыласты жау ететін ақпараттық кампаниялар жүргізетін. Ақпараттық соғыстың негізгі кезеңі болып американдық қарудың демонстрациясы, өз шығындарын жасыру, жау әскеріне келтірген зақымдарды көбейтіп көрсету болып табылды. Тек өз мемлекетіндегі ақпарат құралдарында ғана емес, қарсыластардың сағын сындыру мақсатымен жау территориясында да осы ақпаратты тарату маңызды болып табылды.

Біздің уақытта БАҚ аймақтық шиеліністерді шешуде және оларды жүргізуде маңызды рөл атқарады. Қазір дамыған мемлекеттерде кез келген әрекет ақпараттық дайындықсыз жүзеге аспайды. Соғыстар әділетті, жау – қатігез, өз әскерлері – нағыз батырлар болып көрінуі керек. Заманауи шиеліністер – бұл, алдымен, саяси көрсетілімдер. Журналисттер кез

келген шиеліністің үшінші тарапына айналды, сондықтан БАҚ қай жақты қолдаса, сол жақ жеңістің дәмін сезіну мүмкін. Ақпараттық үрдістердің ықпалын зерттейтін ғалымдар, келесі тұжырымға келді: «Қоғамның көп бөлігінде саяси, идеологиялық және геосаяси көзқарастар телекоммуникация негізінде қалыптасады. Медиа-бейне – өзінде этникалық, мәдени, идеологиялық және саяси ағымдардан құралған атомарлы синтез болып табылады. Сондықтан журналист мамандығы (әсіресе тележурналист) геосаясаткер мамандығымен тығыз байланысты болып келеді. Масс-медиа заманауи қоғамда тек көмекші қызметті ғана атқармайды, мемлекеттер тағдырына үлкен ықпалын тигізетін фактор болып табылады.

Қолданылған әдебиет

1. Ленин В.И. Полное собрание сочинений. Т.37 с. 455–456.
2. Кастельс М. Информационная эпоха: экономика, общество и культура: Пер. с англ. Под ред. О.И.Шкаратана. — М., 2000. — 608 с.
3. Беглов С. Внешнеполитическая пропаганда: Очерк теории и практики. Уч. пособие. — М., Высшая школа, 1980. — 366 с.

НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА – ПЕДАГОГ, ЖУРНАЛИСТ

Ибрагимова Акжан Рустембекқызы

akjan_17@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және саясаттану факультетінің 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.Шындалиева

Жиырманасыншы жылдары еліміздің тарихи дамуында, талайлы тағдырында ерекше маңызды болғанын бүгінгі ұрпақ – біздер тарих беттерінен ғана білсек, ол кезеңнің ұрпағы соны өз қолымен жасаушылар болды. Сол жылдардағы әрбір оқыған кеңес - партия қызметкері, зиялы қауым өкілдері - мұғалімдер, заңгерлер, дәрігерлер шетінен қаламы жүйрік публицист болды десек, артық айтқандық емес. Бұған сол жылдардағы баспасөз беттері айғақ. Ал енді әйелдің мұңын әйелден артық ешкімнің айта алмайтыны бесенеден белгілі. Дәл осы қажеттілік әйел қаламгерлер тобының тууына басты себеп болды. Солардың көбісі тағы да оқыған, озық ойлы, мәдениет жаршылары – мұғалімдер еді.

Ал енді солардың қолдарына қалам алуға мәжбүр еткен біріншіден, баспасөз арқылы қалың бұқараның ортасына ой тастау. Сол арқылы өнер-білімге, мәдениетке үндеу болса, екіншіден, жасқаншақ, ауыл әйелдеріне жаңа қоғамның мән-жайын түсіндіру, өз мүддесі үшін күресуге жұмылдырып, еңселерін көтеру еді. Бұл мақсатты олардың қалай орындағанын сол жылдардағы мерзімді басылымдар беттерінде жарық көрген және жеке кітапшалар болып басылып шыққан шығамашылық мұраларынан айқын аңғарылады.

XX ғасырдың басында өз халқын ілімге, мәдениетке шақырып, жаңалықтың жаршысы болған халқымыздың көрнекті ағартушысы, алғашқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш педагог, әрі – журналист-публицист Нәзипа Құлжанова.

Н.Сағызбайқызы 1888 жылы Торғай облысы, Жангелдин ауданында қазіргі «Торғай» кеншары жерінде дүниеге келген. Балалық шағы қазақ ауылында, еңбекші халықтың ортасында өткен. Ол Торғай қаласындағы қазақтың тұңғыш ағартушы-педагогі, демократ, ақын-жазушысы Ы.Алтынсарин іргесін қалаған орыс-қазақ мектебін бітірген. 1902 жылы Қостанай қаласының Қыздар гимназиясын бітіріп, 1903-1904 жылдары қайта Торғай қаласына келіп, өзінің жастығына қарамастан 15 жасында әйелдер училищесінде мұғалімнің көмекшісі болып қызмет еткен. Одан кейін Орынбор қаласындағы Мұғалімдер семинариясын бітірген. 1905-1920 жылдары сол Семей Мұғалімдер семинариясында мұғалімдік қызметте болған.